



Ақмешіт

26 маусым
сенбі

№50 (1752)

2021 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

ЖЫЛ
30

ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері!

Баршаңызды 28 маусым – бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күнімен, кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздер әрдайым мәселенің мәніне терең үніліп, бүгінгінің болмысын батыл түрде ойталқыға салып, қалың жұртты нақты әрі дәйекті, тың ақпаратпен құлақтандырып келесіздер. Уақыт талабынан туындаған әлеуметтік-экономикалық реформалардың ішкі мазмұнын және қоғамның аталған бастамаларға оң көзқарасын қалыптастыруға ерекше үн қосып, көрерменге ой салар танымдық хабарлар мен тағылымды мақалаларды жарыққа шығарып, талғампаз аудитория қалыптастырдыңыздар.

Әлемді үрей билеп, жер жүзіне індет тараған қиын кезеңде де қалың бұқара дәйекті ақпарат алуға журналистерге сенім артты. Осы сәтте көрінбейтін майдан жауынгерлерінің еңбегі ерекше көзге түсті. Тың жаңалық таратуда журналистер дәрігерлермен бір шепке шығып, оқырман мен көрерменге керекті ақпарат ұсына білді.

Дәрігерлер еңбегін насихаттап, әбігерге түскен елді сабырға шақырды, жақынымызға жанашыр бола түсуге үндеді. Бұл журналистиканың қоғам өмірінде ерекше мәнге ие екендігін тағы бір мәрте айқындай түсті.

Қадірлі қаламгерлер!

Тілшілік тірлікте елмен етене жұмыс жасап, қоғамның тынысын таразылап, қаламыздың жетістігін насихаттау жолында аймақтың медиа саласында үздіксіз ақпарат таратуға атсалысып жүрген бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне шынайы алғысымды білдіріп, кәсіби мерекеде шығармашылықтарыңызға шалқар шабыт тілеймін!

Оқырмандар мен көрермендердің көңілінен шығатын тұшымды ақпараттарыңыз көп болсын! Мемлекеттік саясатты насихаттаудағы ақпараттық әріптестігіміз нығая берейін!

Құрметпен,
Қызылорда қаласының әкімі
Ғанибек ҚАЗАНТАЕВ

САПАР

ӘЛЕУЕТ КӨТЕРІЛСЕ, ӘЛЕУМЕТ ДАМИДЫ

Осы аптада аймағымызға Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі Қанат Бозымбаев арнайы іс-сапармен келді. Президент көмекшісінің қатысуымен облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінде жиын өтті. Жиында аймақтың дамуы мен алдағы уақыттағы ауыл әкімдерінің сайлауына дайындық туралы баяндалды.



– Осы жылдың 5 айының қорытындысымен экономиканың негізгі көрсеткіштері бойынша оң динамиканы қамтамасыз ете алдық. Өнеркәсіп өндірісі, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде 12,8%, ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім өндірісі 2,5%, жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес нысандарының саны 7,3%-ке артты, – деді облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова.

Облыс әкімінің орынбасары Нұрлан Тілешев әлеуметтік-экономикалық даму туралы баяндамасында негізгі көрсеткіштер мен болашаққа арналған басым бағыттарға тоқталды. Пандемияға дейін және одан кейінгі өңірдің экономикалық жағдайына жан-жақты талдау жасалып, әлеуметтік шиеленісті алдын алу мен облыста қоғамдық жағдайды сақтауға мүмкіндік беретін шараларды іске асыру ұсынылды.

Аймақтағы құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және Байқоңыр қаласының мәселелері туралы облыс әкімінің орынбасары Серік Сүлейменов баяндама жасады. Тұрғын үй саясатындағы жаңа тәсілдер, аймақтың жол-көлік инфра-

құрылымын жақсарту және тұрғындарды «көгілдір отынмен» қамтамасыз ету жұмыстарына қолдау көрсету туралы мәселелер қозғалды.

Әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық және білім саласында атқарылып жатқан жұмыстар тінін облыс әкімінің орынбасары Балжан Шәменов тарқатты. Бүгінде облыс «жасыл аймақта», эпидемиологиялық жағдай тұрақты. Қызылорда бойынша вакциналау 106 егу кабинетінде жүргізілуде, 37 мобилді бригаданың жұмысы ұйымдастырылып, оған 133 мейірбике мен 89 дублер тартылған.

Аймақтың ішкі саясат, жастар саясаты, этносаралық қатынастар, мәдениет, спорт саласы мен қоғамдық саяси ахуалы туралы облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет хабарлады. «Аймақта Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың стратегиялық бағытына, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сай тиісті жұмыстар жүргізілуде», – деді ол.

2 БЕТТЕ

КӘСІБИ МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

ҚАЛАМГЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ



Асқар Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде 28 маусым «Бұқаралық ақпарат қызметкерлерінің күніне» орай «Үшқыр қалам – 2021» атты салтанатты шара өтті.

2 БЕТТЕ

ҚҰРМЕТ

Қаладағы үлкен көшелердің бірі Сұлтан Бейбарыс екені белгілі. Бұл жақтағы шағын ауданда көбіне жаңадан салынған үйлерді көре аласыз. Міне, осы жаңа аудандағы Саулет-30 көшесінің атауы өзгерді. Енді бұдан былай бұл көше Сыр елінің сағынышына, көрермен қозғайымына айналған танымал журналист Сахитжан Бермағанбетовтің есімімен аталады.

«МЕН САХИТЖАН БЕРМАҒАНБЕТОВ КӨШЕСІНІҢ ТҮРҒЫНЫМЫН»

Ашылу салтанатына қала әкімінің орынбасары Асқарбек Есжанов, Сахитжан Бермағанбетовтің атына көше беріліп жатыр. Шын жүректен құттықтаймыз! Кімнің қаншалықты өмір сүргені маңызды емес. Сол сүрген өмірінде артына қаншалықты іс қалдырғаны маңызды. Осы тұрғыда айтар едім, өмірден жастай кетсе де Сахитжанның халқына қалдырған абыройлы еңбегі, билік пен халық арасындағы ізгі амалы бар деп. Ол қоғамда өз орны бар екенін дәлелдеп кетті. Сол себептен де оның есімі ұмытылмайды, мәңгі сақталады, – деді қала әкімінің орынбасары Асқарбек Есжанов.

Сахитжанды көпшілік жақсы таныды, жақсы көреді, құрметтейді. Содан да болар, Сахитжан Бермағанбетов көшесі деген тақтайшаны көрген тұрғындардың «Мынау біздің баяғы Сахитжан ғой. Жақсы болған екен. Көшесін көріп маз болып тұрмыз», «Мен Сахитжан Бермағанбетов көшесінің тұрғынымын деп мақтана айта аламын» деген жылы сөздерін де естіп қалдық. Расында да үлкенкішісі бар, бәрінің Сахитжан Бермағанбетовке деген ықыласы ерекше.



Сонымен бірге салтанатты шараға қоғам белсендісі, қаланың қоғаландыруына өз үлесін қосып жүрген Болат Нұрхожаев келіп, көшеттер отырғызды.

– Халықтың сүйікті журналисіне айналған Сахитжанның атына берілу халықтың қалауы еді. Ескерткіш тақта орнатылған жерге қызылордалық журналистер қауымы көшет отырғызды. Оны енді көше тұрғындары жалғастырады, Сахитжанның ақ ниетіндей таза ұстап, көшенің атына заты сай етіп қарайды деп ойлаймыз, – деді ол.

Осындай асыл азаматтың ұлықтаған елі бар да оның есімі ешқашан ұмытылмайды.

Ақтоқын НҰРЛЫБАЙ
Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ



ҚАЗАҚ
ЖУРНАЛИСТИКАСЫ:
ЖЕТІСТІК ПЕН
КЕМШІЛІК

3 БЕТТЕ



THE WALL STREET JOURNAL.

ЖАҢА ЖОЛ

Экономикалық соққы жасау күш қолдану тәсілінен анағұрлым қауіпті. Ресей де осы ұстанымды ұғынғандай ма, АҚШ-қа қарсы ендігі саяси ойынның бағытта, тіпті жаңа аймақта жалғастыруға бет алды. Ондағысы Арктиканы игеру. Кеше ғана Қара теңізде жүрген Ұлыбританияның жойқын кемесіне елеусіз ескерту жасап, «қарсыластың әскери флотына сес көрсеттік» деген Ресей енді күшін солтүстікке жұмсайтын сынайы. Себебі Арктикадағы ғаламдық жылыну алапатқа қауіп төндіргенмен, Ресейге жаңа сауда жолы мен мүмкіндік сыйлап отыр. Содан болар, «The Wall Street Journal» басылымы бейсенбілік санға Ресейдің Қара теңіздегі әскери қимылы мен Арктикадағы жаңа жолды игеру жұмысына қатысты қос бірдей көлемді мақала әзірледі. Қара теңіздегі ахуал – кеше-бүгін тұтанған өрт емес, алып державалардың кемі 3-4 ғасырлық текетіресінің жалғасы. Оның үстіне түбі «судағы» жеңімпаздың кім болары белгілі болған соң, қозғалған екінің тақырыптың тінін тарқату дұрыс деп шештік. Мақала атауы – «Арктиканың еруі кеме қатынасына жол салды», авторы – Томас Гроув.



Бүгінде Солтүстік Мұзды мұхиттың еру процесі жыл сайын үдеп, қауіпті жағдайға жетті. Өткен жылдың өзінде ауа температурасының көтерілуі көрсеткіші жоғарылап, жылыну деңгейі екі есе артқан. Осы мүмкіндікті қалт жібермеген Ресей еншілес аймақта инфрақұрылымды дамытып, кеме қатынасын жандандыруға аңсары ауды. Себебі өңірде иелігі бар АҚШ пен Қытай да Арктика мұхитынан өтетін жаңа сауда жолын салуға ниет білдіріп отыр. Сондықтан алпауыттарға есе жібермей, ғаламдық сауда жолын алғаш болып қалыптастыру ең басты саяси жеңіс болмақ.

«Мәскеудің жаңа сауда жолын қалыптастыруға жаңа сала кірісуінің маңызы жоқ емес. Егер аталған мұхитта жаңа кеме жолы қалыптасса, бүгінгі Оңтүстік Қытай теңізі мен Малакка бұғазы арқылы Еуропа мен Азияға қатынайтын жүк тасымалының уақыты үш есеге қысқармақ. Биыл Ресейдің кең арктикалық жағалауын қамтитын кеме жүру маусымы ақпан айында басталды. «Кристоф де Маржері» атты табиғи газ тасығыш Қытайдан Ямал түбегінің солтүстігіне қарай алғашқы қатынады. Ал өткен жылы бұл жолмен сегіз ай үздіксіз кеме қатынасы жасалды. Мұның барлығы Солтүстік теңіз жолында туындайтын мұзжарғыштарды алып жүру тарифі, транзиттік шығындар және арктикалық шеңберден тыс навигация мәселелерді тез арада шешуге итермелейтін сөзсіз. Оған қоса мұзды өткелдің ашылуы Ресейдің энергия мен жүкті жеткізу бойынша жаңа жаһандық тасымалдау маршрутының орталығына айналдырады. Мәскеу де бұл жолдың маңызын ескеріп, болашақта жол жүруді шектеу мен транзиттік бағаларды белгілеуге құқылы екенін жеткізіп үлгерді. Ресейдің ең ірі көмір компаниясы – СУЭК-тің көлік бөлімінің бастығы Александр Алешин компанияның Мурманскідегі портынан Қытайға бір сынақ кемесін жөнелтуді жоспарланғанын айтқан болатын. Кейіннен бір емес, алты кеме Қытайға аттанатын болыпты».

АҚШ болса, Ресейдің Арктикада жаңа теңіз жолын қалыптастыруға ешқандай құқығы жоқ десе, эколог сарапшылар теңіз арқылы қарқынды тасымал жасау киыр солтүстіктің нәзік экосистемесіне орасан зиян келтіруі мүмкін екенін айтты. Алайда Қытай секілді ауқымды жүк жөнелтуші елдер Ресейге жел беріп, жаңа жолды зерттеу жұмысы үздіксіз атқарылуда. Өткен жылы жаңа теңіз жолымен 1014 кеме сапары жасалса, 33 млн тонна жүк, мұнай және сұйылтылған табиғи газ тасымалданған. Өрине, жылдық айылымды 60 мың кеме қатынасын құрайтын әлемдік теңіз жолдарының қасында бұл көрсеткіш түкке де тұрмайды. Алайда ел президенті Владимир Путин 2024 жылға дейін жүк көлемін 80 млн тоннаға дейін көтеретінін мәлімдеді.

«Жақында өткен саммитте Байден мен Путин аталған теңіз жолы туралы сөз қозғалды. Путин мырза кез келген елге қарағанда ядролық мұзжарғыштары көп Мәскеу жаңа кемелер класын ойлап тапты деді. Сонымен қатар теңіз жолындағы қажетті навигация климаттың өзгеруі мен жыл мезгіліне қарамай, жұмыс істейтін жеткізді. Ал Байден Ресейді кеңес дәуірінің ескі базаларын ашу арқылы аймақты милитаризациялау деп айыптады. Путин болса, айыптауларды негізсіз екенін айтып, зерттеудің тоқтатылғанын білдірген. Сонымен құны шамамен 11,5 млрд долларды құрайтын жобаның ауқымы Мәскеудің Арктикадағы үлкен амбициясын көрсетті.

4 БЕТТЕ

ӘЛЕУЕТ КӨТЕРІЛСЕ, ӘЛЕУМЕТ ДАМИДЫ

Өңірде дене шынықтыру және спортпен 254 101 адам шұғылданады. Мемлекет басшысының балалар үйірмесін көбейту тапсырмасына орай қосымша 56 балалар үйірмесі ашылған. Қазір облыс бойынша үйірмелер саны 584-ке жетті, қатысушылар саны 6 902 баланы құрап отыр. 2021 жылы Токио қаласында өтетін Олимпиада ойындарына үш жерлесіміз қатыспақ.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында облыста түрлі форматта мәдени шара ұйымдастырылуда. Халық Қаһарманы Роза Бағланованың 100 жылдығына орай Қызылорда қаласында ескерткіш орнатылуда. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тұғыры биік Тәуелсіздік» атты республикалық ақындар айтысы, дала академигі Ыбырай Жақаевтың 130 жылдығына арналған мерекелік шара, Сыр сұлейі Кете Жүсіп Ешнұзұлының 150 жылдығына арналған «Жырлан-

Басы 1-бетте

сын Тәуелсіздік жырлары» атты республикалық жыршы-жыраулар байқауы, аңызға айналған Жалаңтөс Баһадүрдің 445 жылдығы аясында Қазалы ауданында ескерткіш орнатылатыны айтылды.

Жиын соңында ҚР Президентінің көмекшісі көтерілген мәселелер назарға алынып, алдағы уақытта шешілу жолдары қарастырылатынын айтты.

Жұмыс сапарының аясында Қанат Бозымбаев өңірдегі мұнай-сервистік саладағы компания өкілдерімен кездесіп, өзекті мәселелерді талқылады. Аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова соңғы жылдары кен орындарының сарқуына байланысты мұнай өндірудің көлемі төмендеп бара жатқанын алға тартып, бұл кездесу ортақ мәселелерді айқындауға мүмкіндік беретінін жеткізді.

Жиында облыс әкімінің орынбасары Нұрлан Тілешев мұнай-газ саласындағы қазіргі жағдайды баяндап, эко-

номикадағы негізгі көрсеткіштер туралы сөз етті. Сондай-ақ мұнай және сервистік компаниялардың басшылары «Петро-Казакстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ вице-президенті Болат Көшербаев, «Жанрос Дрилинг» ЖШС бас директоры Алексей Мылтықбаев ортақ мәселе аясындағы ұстанымдарын білдірді.

Компания басшыларының мәселесін тыңдаған ҚР Президентінің көмекшісі мұнай қорындағы ахуал мәселесі Үкімет деңгейінде бірнеше рет қаралғанын атап өтті. Бұл ретте қуаттылығы 6 миллион тоннаға құрайтын «Кенкиек-Атырау» мұнай құбырының құрылыс жұмыстары аяқталса, жоба Қызылорда облысындағы мұнай өндіруші компаниялар үшін мұнай жеткізу жұктемесін азайтуға оң септігін тигізбек.

Жиынды қорытындылаған облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова мұнай-газ саласындағы негізгі мәселелерді шешу

үшін кешенді жұмыстардың қолға алынғанын айтып, мұнай-газ секторында қызмет ететін сала өкілдерін ортақ мүддеге топтасып, бірлесіп еңбек етуге шақырды.

Мұнан кейін Қанат Бозымбаев өңірдегі бизнес өкілдерімен кездесті. Отырысқа кәсіпкерлер, қала, аудан әкімдері, кәсіпкерлік саласында мемлекеттік саясатты іске асыруға тікелей атсалысатын мемлекеттік мекемелер мен қаржы институттары жиналды.

Президент көмекшісі кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан ұдайы қолдау барын тілге тиек етіп, әр өңірде «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлескен микроқаржы ұйымдарының тиімділігі туралы сөз қозғайды.

Сондай-ақ жиында пандемия кезінде кәсіпкерлік саласында туындаған қиындықтар талқыланып, алдағы уақытта даму бағытында атқарылатын жұмыстар сараланды.

Ең бастысы әлеуметтің әлеуетін көтеру бағытындағы жұмыстарды жалғастыруға болады

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚАЛА ӘКІМДІГІНДЕ

Ганибек ҚАЗАНТАЕВ,
Қызылорда қаласының әкімі:

«БАҒА ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАТАҢ БАҚЫЛАУ КЕРЕК»

Қаладағы азық-түлік тауарларының сапасы мен нарықтағы бағасын көтерме бағытында қандай жұмыстар жүргізілуде? «COVID-19» коронавирустық инфекциясына қарсы тұрғындарды вакцинациялау барысы қалай іске асуда? Салық көлемін ұлғайту бойынша неңдей шаралар қолға алынууда? Бұл туралы қала әкімдігінің мәжіліс залында өткен аппараттық жиында тиісті мекеме басшылары егжей-тегжейлі баяндады.

Шаһар басшысы Ганибек Қазантаевтың төрағалығымен өткен аппараттық мәжілістің күн тәртібінде қаралған үш мәселе де осы жұмыстар жан-жақты кең көлемде талқыланды.

САЛЫҚ ТҮСІМІНІҢ КӨРСЕТКІШІ ҚАНДАЙ?

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе – қаланың салық көлемін ұлғайту жайлы. Салық түсімінің көрсеткіштерін баян еткен қалалық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Берік Ниеталиев 2018-2020 жылдардағы түсім көлемінің ұлғаяуы қала аумағында газдандыру, жол салу сынды жобаларды жүзеге асырып, сол жағалаудағы құрылыс жұмыстарына қарқын қосуға мүмкіндік жасағандығын атап өтті. Сонымен қатар осы жылдың 1-ші маусымына нақтыланған жоспардың орындалуы да межелен асып, 119,6 процентке орындалғанын жеткізді. Сондай-ақ қалаға қарасты кент және ауылдық округтерде жеке тұлғадан салық берешегін өндіру жұмыстарының баяу жүргізіліп жатқандығын атап өтті. «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» аясында жүзеге асырылып жатқан инфрақұрылымдық жобалар бойынша 4090 адам жұмысқа қолдама алған. Нәтижесінде жеке табыс салығы бойынша 15,5 млн теңге, әлеуметтік салықтан 22,4 млн теңге салық есептіліктері тапсырылған. Сала басшысы салық түсімдері төңірегінде күрмеулі мәселелер де бар екендігін атап өтті.

Бұл мәселеге қатысты қала басшысы кент және ауылдық округ әкімдеріне елді мекендегі жеке тұлғалардың салық берешегін 30 маусымға дейін өндіруді жүктеді.

ЕКПЕ ЕГУ ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗІЛУДЕ?

«COVID-19» коронавирустық инфекциясына қарсы тұрғындарды вакцинациялау барысы туралы қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Ерлан Ұзақбаев баяндады. Сала басшысының сөзінше, қала халқының 16,8 проценті екпе салдырған. Десе де бұл көрсеткіш вируста қарсы ұжымдық иммунитет қалыптастыруға жеткіліксіз.

Қала әкімі тұрғындардың екпе етуге салғырттық танытуының басты себебі ақпараттық насихаттау жұмыстарының әлісі жүргізілу салдарынан орын алып отыр деп атап өтті.

Айта кетейік, бүгінгі күні қалада «COVID-19» инфекциясына қарсы екпе егу науқанына 10 екпе кабинеті жұмыс жасауда. Бұдан басқа ауылдық округтерде, ұйымдасқан ұжымдарда, адамдар көп жиналатын ірі сауда ойынауық орталықтары мен базарларда вакцинациялау жұмысы жүйелі түрде жүргізілуде. Сондай-ақ медициналық персоналмен жасакталған және арнайы тоназытқыш жабдығымен қамтылған 13 жылжымалы пункттің жұмысы ұйымдастырылған. Олар толықтай қажетті мұздатқыш жабдықтымен, мұздату элементтерімен қамтамасыз етілген.

ТОҚТА, БАҒА!

Мәжілісте қаралған соңғы мәселеде қаладағы азық-түлік тауарларының сапасы мен нарықтағы бағасын көтерме бағытында атқарылып жатқан жұмыстар талқыланды. Бұл мәселе бойынша қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Дәулетбек Әбулрасулов хабарлама жасалы. Бөлім басшысы бүгінгі күні қалада баға тұрақталғанын және сауда орындарында азық-түлік тауарларының қоры жеткілікті екендігін айтты.

Қазіргі таңда қала аумағында 19 әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бойынша 7680 тонна азық-түлік қоры қалыптасқан. Оның ішінде сауда үйлеріне 6500,2 тонна, тұрақтандыру қорына 1,1 мың тонна өнім қамтамасыз етілген. Олар 616,5 тонна 1 сортты ұн, 21,9 тонна қарақұмық жармасы, 45,7 тонна тауық еті, 100 тонна күріш, 23,9 тонна сүт, 75,9 тонна мақарон және 235,4 тонна қант өнімдері сақталып, аталған түрлері 29 әлеуметтік дүкен сөрелерінде сатылымға шығарылуда, – делі бөлім басшысы өз баяндамасында.

Шаһар басшысы мониторинг нәтижесінде анықталған баға мен базар бағасында айтарлықтай алшақтық бар екендігін атап өтіп, баға тұрақтылығын қатаң бақылау керектігін жеткізді. Сонымен қатар тиісті сала басшыларына базарлар мен ірі сауда орындарындағы бағаны тұрақтандыру үшін «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясымен бірлесіп, қымбатшылықтың алдын алу керектігін ескертті. Мәжіліс соңында қала әкімі тапсырмалардың сапалы және мерзімінде орындалуы өз бақылауында болатындығын жеткізді.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ



ҚАЛАМҒЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Мерекелік шарада қала әкімінің орынбасары Асқарбек Есжанов қала әкімінің арнайы құттықтауын жеткізіп, ақпарат айдынында жүрген сала мамандарына ыстық ықыласын жеткізді.

– Әлемді үрей билеп, жер жүзіне індет тараған кезеңде де қалың бұқара дйекті ақпар алуда тілшілерге сенім артты. Осы сәтте көрінбейтін майдан жауынгерлерінің еңбегі ерекше көзге түсті. Тың жаңалық таратуға журналистер дәрігерлермен бір шепке шығып, оқырман мен көрерменге керекті ақпарат ұсына білді. Дәрігерлер еңбегін насихаттап, әбігерге түскен елді сабырға шақырды, жақынымызға жанашыр бола түсуге үндді. Ақпарат құралдары

қызметкерлеріне алғысымды білдіріп, кәсіби мерекеле шығармашылықтарыңызға шалқар шабыт тілеймін, – деді Асқарбек Темірбекұлы.

Шарада Сыр елі телевизиясында өзіндік орны бар ақын, жуырда Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері атанған Есімсейітова Қаршыға Құрмашқызына құрмет көрсетілді.

Сондай-ақ, ақпараттық майданда халықты кез келген жағдайдан хабарлау етіп, жақсы аңғарлықтардың жаршысына айнала білген БАҚ өкілдерінің үздіктері ерекше құрметке ие болды.

Шара барысында Сыр өңірі журналистикасында өзіндік қолтаңбасы бар дарынды журналистердің

еңбегін арқау еткен ақын Ұлықбек Бекұзақұлының «Қанатты қалам» өлеңі қалалық «Жастар» театрымен сахналанды.

Мерекелік іс-шара концерттік бағдарламамен аяқталды.



ӨНЕГЕМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР



тау әкесінен, енді бірін жастайынан отағасынан айырған кешегі сүм соғыс қолбайлау болды. Түске дейін 4-5 отбасы қара қағаздан қаралы хабар естіп, түстен кейін оны іле жалпап жоктау айтып жатқан үлкен дүрбелен Көштай ағамыздың отбасын да айналдырған өткен жок. Ол кезең жайында Біржекеннің өз аузынан естіген естелігі қиын кезеңді көз алдыма алып келді.

“Соғыс әкемді інісімен, жаракты мініс атын, ірі төбет ит Құтжолды да құртты. Ол кезде әлі баламыз. Бірақ барлығы әлі күнге дейін көз алдыма. Құтжолды соғысқа алмамыз дегенде інім

Нұржан екеуіміз қатты қапа болдық. Күнде інім екеуіміз төбеттің үстіне мініп ойнайтын едік. Көп ұзамай әскери киінген екі сарбаз Құтжолды жетектеп кеткен-ді. Тереңзектегі эшалонға тиер кезде шыңжырын үзіп үйге қаша жөнелген төбет көзі жасаурап, менің бет-аузымды жалай берді. Тура бір адамдай қос жанарынан жас парлап ақса болар ма. Әлгі қос қуғыншы қайта келіп, төбетімді алып бара жатқанда маған қарап қыңсылай берді. Осының бәрі әлі күнге дейін көз алдыма” деп түйді сөзін ойлы көзбен аспанды бір сүзіп өткен Біржекен.

Осы бір ауыз естелікке еліткен Біржекеннің өмірі өткен тарихты жадыда қайта жаңғыртты. Қос дәуірге салыстырғанда түрде баға берген мен бүгінгі ұрпақтың мамыражай қоғамда емін-еркін күн кешуіне Тәуелсіздік деген шексіз байлықтың арқасы екенін шүкіршілік еттім. Расында қазір шүкір гой, Ұлы Женістің алғашқы жылдарында өмірге келген біздің өзіміз сол сүм соғыстың зардабын тарттық. Небір қиын нәубеттер өтті басамыздан. Таршылық қос бүйірден қысқан дәуірде біздің де балалық шағымыз қайбір қызыққа толы өтті дейсің...

Кейін оқу бітіріп, оң-солымызды танып, туған жердің түлеуіне бір күсіндей атсалысуға бел будық. Жалынды тұрған

жастың арман-қиялы да ұшқыр болады гой, шіркін! Мен де өз өлкемнің өсіп-өркендеуіне, көркейіп қалғандығы жолында түрлі жобалар жүзеге аса деген ойдың жетегінде жүрдім. Шама-шарқымызша сол идеялардың бірсыпырасын жүзеге асырдық та. Кейбір күрмеулі мәселелердің шешімін табуға, үлкен дүниелерді жүзеге асыруда Біржекеннен ой сұрап, ақылын алатынымыз да өтірік емес. Сол тұстардағы елордада, қазіргі Алматы қаласындағы іргелі оқу орнынан білім алған Біржекенде идея көп болды. Сондай-ақ шешімін таппаған сан сауал мазалағанда оның берген кеңесі дәрігердің дертіне тапқан шипасындай әсер ететін. Руханият жаршысы үшін мұндай дүниелердің қаншалықты бағалы екенін көзіқаракты оқырман жақсы біледі.

Білім қуып, арман қала Алматыға аяқ басқан Біржан Қоштаев бала күннен алға қойған мақсаттарын аяқасты етпеді. Керісінше сол жиған тәжірибесін көкейдегі іштей өз-өзіне айтып жүретін ұтымды ұсыныстарын жүзеге асыруға жұмылдырды. Аtpал азаматтың Жалағаш өңіріне де сіңірген еңбегі ұшан-теңіз.

Талай жыл мал дәрігері болып табанды еңбек еткен кейіпкерім өңірде мал шаруашылығының дамуына

өлшеусіз үлес қосты десем, артық айтқандық болмас. Мұны жалағаштықтар жоққа шығармайды. Саладағы сүбелі еңбегінің арқасында сан мәрте марапат төрін көрінді. Кейін осының арқасында партия қатарына өтті. Ол тұста партия мүшесі болу қазіргідей оңай шара емес-ті. Тек өз саласында қажырлы еңбек еткендер ғана партиялық билетке қол жеткізетін. Ал дәл мұндай мәртебеге Біржекен өз еңбегімен жетті.

Біржекенді өмірінің соңына дейін осы өңірдің өсіп-өркендеуіне күш салды деп толық айта аламын. Неге десеміз, ол өз дәуірінде басшылыққа ауданда шешімін таппаған күрмеулі мәселелерді ұсыну арқылы оның шешімін табуына жұмыс жасауға жұмылдыра білгеніне бірнеше мәрте куә болдық. Қос тілде еркін сөйлейтін маркасқаңыз заманында Исатай Әбдікәрімов, Қонысбек Қазантаев, Сәмет Далдабаев, Сейілбек Шаухамановтармен қызметтес болды. Кейін зейнеткерлікке шықса да руханият жаршысына айналып, кенттің ардагерлер кеңесіне басшылық етті.

Біржекен мұнда да үлкен іс тындырғанын, жастарға, кейінгі буынға бағыт беруде бағдарлам болғанын біз жақсы білеміз. Тіпті ауданның бас газеті “Жалағаш жаршысына” да осы өңірде

бұрын орын алған тарихи оқиғалар жөнінде мақалалар жазып, жастардың тарихқа терең бойлауына күш салды. Абайдың Сыр бойына, оның ішінде осы Жалағаш жұртына жиен екенін жастар былай тұрсын, біздің буынның ішінде де Біржекеннің мақаласын оқу арқылы көз жеткізгендер болды. Міне, өткенді ұлықтап, оны ұмытпаудың астарында үлкен мән барын Біржекен өз еңбегімен ұғындыра білді.

Жалпы Біржан Қоштаевпен туыстық жағынан да аса алшақ емеспіз. Шындығына келсек, екеуіміз негізінен апалы-сіңілі ақ жаулықтардан туған бөлеміз. Менің нағашы апам Рахимадан Біржан мен інісі Нұржан туады. Бауыры марқұм өзінен бұрын бақилық болды. Ал Қатирадан біз туамыз. Мен үйің кенжесі болдым.

Жалпы Біржекен хақында естелік жазуға мені итермелеген ағайындыктан бөлек бірінші оның азаматтық болмысы еді. Оның бастаған ісін аяқсыз қалдырмауы, шыншылдығы, біреуге қиянат жасауды жаны сүймейтіні, халықтың әлеуметтік жағдайын бірінші кезекке қоятыны, қандай жобаны, яки қандай жұмысты қолға алса да мұнан елдің көрер пайдасы не деген сауалға жауап іздеуі, бәрі-бәрі бізге үлгі болды. Біржекен хақында айтар естелік көп, ал бұл жазып отырғаным, оның бір парасы ғана.

Кенжегара СҮЛЕЙМЕНОВ,
ардагер-журналист

28 маусым – Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні. Бүгінде осы салада елеулі еңбек етіп, жаһан жаңалықтарымен дүйім жұртты хабарлар етіп жүрген журналистер еңбегі ерен. Атаулы күні БАҚ өкілдері ыстық ықылас пен қошеметке бөленеді. Осы орайда біз де журналистиканың кешегісі мен бүгінгі саралап көрмекпіз.

«ТҮРКІСТАН УӘЛАЯТЫНАН» БАСТАУ АЛАДЫ

Қазақ журналистиканың тарихы 1870 жылы «Түркістан уәлаяты» газеті басылған кезден бастау алады. Ол қазақ тілінде басылған тұңғыш газет. Басылым қазақтың қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірін оятуға, мәдени-әдеби дүниетанымының молаюына оң әсер етті.

Бұл басылым бетінде қазақтың ғалым-ағартушысы Шокан Уәлихановтың ана тіліміздегі мақаласы жарық көрді. Қазақ хандары, қазақтың тегі, үш жүздің арғы түп атасы саналатын Алаш туралы деректер, жарлықтар, егін егу, мал шаруашылығы, қазақ елінің басқа елмен қарым-қатынасы, теміржол, алғашқы телерадио, пошта қатынастары, кен қазу, металл, көмір өндіру, саяси-экономикалық, оқу-ағарту мәселелері, алғашқы сын, зерттеу мақалалары да газет бетінен табылды.

Газеттің тұңғыш редакторы – Шаһмардан Мирасұлы. Ұлты бауыршақ болса да, генерал-губернатордың тілмашы болып патша өкіметіне қызмет атқарғанымен, қазақтың намысын қорғап, сойылын соққан, орыс пен шығыстың көптеген тілінде еркін сөйлеген.

1921 жылдың 29 қыркүйегінде республикада радиохабарлар тарату туралы шешім қабылданды. Бұл туралы шешімді Қазақ АССР Халық комиссарлары Кенесі қабылдады. Ал қазан айында сол кездегі астана Орынбордан республикаға хабар тарату басталды. Қазіргі таңда «Алтын қорда» Қазақ радиосының 1948 жылдан бері сақталған 100 мыңнан аса фонограмма бар.

Ал қазақ журналистикасындағы телевизия саласының бастау алуы 1958 жылғы 8 наурыз болып тарихқа енген. Сол күні ең алғаш рет Алматыдан тікелей хабар таратылып, оның алғашқы дикторы Ләзиза Аймашова болды.

1959 жылы Қазақстан баспасөз құралдары өкілдерінің шығармашылық ұйымы – Қазақстан журналистер одағы құрылды.

ӘРІПТЕСТЕР МЕРЕЙІ

ҚАНЫБЕК ӘБДУОВ – «ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМҒЕР»

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ақпараттық имиджілік



жұмысын іске асырудың 2020-2021 жылдарға арналған медиажоспары шеңберінде Ішкі істер министрлігі алғаш рет детективтік шығармалардың «Серг» республикалық байқауын ұйымдастырған еді. Байқаудың мақсаты – полицейлердің күрделі де қауіпті қызметіне қоғам назарын аудару. Қатысушылардың еңбектерінде полицейдің шынайы бейнесі айқын көрініс тапқан. Конкурсқа бұрын жарияланбаған 30-дан астам шығарма келіп түсті.

Осы байқауда әріптесіміз, Жаңақорған ауданы әкімінің кеңесшісі, жазушы Қаныбек Әбдуов «Ұры» повесі үшін «Қарымды қаламгер» номинациясын жеңіп алды. «Қазақстан полициясы» күні мерекесінде Нұр-Сұлтан қаласындағы «Қазмедиа» орталығында жеңімпаздарды марапаттау шарасы өтті. Әріптесімізді марапаттаумен құттықтап, шығармашылық орлеу тілейміз.

МИУА БАЙНАЗАРОВА «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРМЕТТІ ЖУРНАЛИСТІ» АТАНДЫ



Быыл қазақ баспасөзінде ойып алар орны бар республикалық «Жас Алаш» газетінің жарық көргеніне 100 жыл толды. Ғасырлық белеске шыққан басылым оқырманға ой саларлық дүниені ақпараттандырып, көкейкесті мәселелерді көтеріп келеді. Сонымен бірге еліміздегі аға басылым саналатын газеттің баспасөз саласында босі болды.

Газеттің 100 жылдығына орай газеттің бас редакторы Қайрат Мәтіркеов, аймақтағы тілшісі Миуагул Байназарова «Қазақстанның құрметті журналисі» төсбелгісіне ие болды.

Аружан НОҒАЙ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
III курс түгенгі

– Телевизия – жеңіл-желпі материалдарды көп береді. Сонымен уақыт өткізіп, рейтинг жинаймыз деп жұмыс істейді. Ал ұлтқа, ел мен жұртқа пайдалы, айтылуда тиіс, қоғамдық пікір туғызатын дүниелерді аздау береді. Иә, «Ашық алаң» бағдарламасында дүниежүзін шырмал жатқан таяғалға байланысты дүние ай-

– Журналист жұмысы жазса бітеді. Елдің сөзін сөйлейтін тілші ең алдымен жазуға машықтануы керек. Журналистің қаруы – сөз. Тіл байлығы жұтан, сөз мағынасы, ой астарын ұқпайтын маманнан «проблема көтер» деп талап етудің өзі ыңғайсыз. Сондықтан журналист боламын деген студентке мәтін

туралы республикалық қоғамдық-саяси тәуелсіз апталық «Халық» газетінің бас редакторы Нұржан Әбжанұлының пікірін сұрадық.

– Неміс романысы Томас Маннның «Театр халықты ұлтқа айналдырады» деген сөзі бар. Мұны журналистикаға қатысты да осылай айтуға болады. Ол

Өкінішке қарай, қазақтілді баспасөзде салалық журналистиканың кенжелеп тұрғанын мойындау керек. Бұған журналистикаға баулитын жоғары оқу орындарында баса көңіл бөлінбеуі, қазақтілді салалық маманның аздығы әсер етіп отыр деп ойлаймын. Ал орыстілді журналистикада бір ғана эко-

ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ: ЖЕТІСТІК ПЕН КЕМШІЛІК

ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ЖЕТІСТІГІ МЕН КЕМШІЛІГІ ҚАНДАЙ?

Қазақ журналистикасының дамуына зор үлесін қосқан жанның бірі – **Намазалы Омашев**. Ол тәрбие берген студенттер бүгінде журналистика сала-



сында беделді де белсенді қызмет етіп жүр. Намазалы Омашевті 2003 жылдан Қазақстан жоғары мектебі Ұлттық Ғылым Академиясының толық мүшесі, 2002 жылдан Қазақстан журналистикасы академиясының толық мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар Одағы мен Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.

Бүгінгі қазақ журналистикасының жеткен жетістігі жоқ емес. Мәселен, «Егемен Қазақстанның» тербеп жүрген тақырыптары тамсануға тұрарлық. «Қазір газет ұлттың тарихына Алашқа байланысты дүниелерді терең зерттеп, оқырман көңілін шығатындай, тағылым мен білім алатындай дәрежеде беретін болды. Бұрын баспасөзде мұндай дүниелерге жиі оралмайтын. Қазір бұл тақырыптарды бүге-шүгесіне дейін тарқатып, ғылыми айналымға түсетіндей етіп беретін болды. Мұны баспасөздің жетістігі десек артық емес», – дейді Намазалы Омашев.

Одан бөлек, бұл салада экономикалық, қаржы мен халықаралық жағдайға байланысты салмақты материалдардың жарық көруін де жетістіктер тізіміне қосуға болатынын айтты.

Бірақ басылым бетінде саясат туралы қалам тербеу әлі де болса аспап тұрғаны жасырын емес. Бұл туралы Намазалы Омашев: «Басылым бетінде саясат сырғақ. Білік ондай мұрша бермейді. Білікке ұнамай қалмайын деп, ішкі саясат, әсіресе идеология мәселесіне келгенде журналистердің тісі өтпей қалады. Бұл – басылымның кемшілігі. Дегенмен қазіргі қазақ журналистерінің деңгейі шетелдік басылым мамандарынан ешқандай кем еместігін де жасырмады.

тылып жүр. Ал енді басқа қоғамдық мәселе де бар ғой. Шыңтуайтында, қазір телевизияда уақытты алатын, пайдасы жоқ дүниелер қаптап кеткен, – дейді Намазалы Омашев.

Радиоға да осы кемшіліктер бар екен. Сағаттап эфирде отырғанымен, ел мен жұрттың рухын көтеретін дүниелер берілмейді. «Радио – оперативті құрал. Әлемде, елде болып жатқан жаңалықты жедел беретін мүмкіндігі бар сала. Бірақ соның мүмкіндігін пайдаланбайды. Мен мұны үлкен жиында осы мәселені талқылағанда да айтқанмын. Нәтиже шығып жатқан жоқ», – дейді ол.

– Алайда Қазақ радиосының 100 жыл бойы сіңірген еңбегі мен жеткен жетістігін жоққа шығармаймын. Ол рас, ол бар. Қазір де қарап отыр деп айтпаймын. Бірақ қазір әлеуметтік желіде жалған ақпарат желдей есіп жүр. Осы ретте радиоға 15 минут сайын әлеумет пен әлемнің жағдайын жиі беріп отырса қауесет пен өтірік әңгіме азаяды. Бұл мемлекетіміз үшін дұрыс болар еді, – деді Намазалы Омашев өз сөзінде.

Одан бөлек, ол қазіргі журналистер тікелей эфирге шығып, өз пікірін еркін айтатын жағдайға жеткенін айтты. Бұрын тікелей эфирге кез келген журналист шықпайтынын, тәжірибелі журналистердің өзі қаймығатынын жеткізді. Қазір жастар тікелей эфирге үйреніп алды, тартыншақтамайды. Бірақ айтып отырған мәселелері баяғы жеңіл-желпі. Сондай-ақ сұхбаттан басқа да жанрлар бар екенін ұмытпау керектігін еске салды. Оқиганын қала ортасының жүргізілетін репортаж, сауатты және аузы дуалы адамдар комментарий беру керек.

Мен мұны айтып отырғанда оны сырттай сынап, өзімді көтермеймін дегенін емес. Шынайы жанашырлықтан айтылатын нәрсе. Жаксылығымызды ешкім алып кетпейді, осындай кемшіліктер бар», – деп қорытындылады Намазалы Омашев.

ЖАҚСЫ ЖУРНАЛИСТ БОЛУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Журналист – бұл кез келгеннің қолынан келмейтін қызығы мен қиындығы қатар жүретін мамандық. Бұл салаға келетін жан көп ойланып, нақты шешім қабылдауы керек. Осы ретте елімізде аталған маман иелерін дайындауда жоғары оқу орындары белсенді білім беруде. Дегенмен жақсы журналист болу үшін не істеу керек? Қазір журналистика білім берудің аспап тұрған тұсы қандай? Осы сұрақтардың жауабын білу үшін Еуразия ұлттық университетінің Журналистика және саясаттану факультетінің баспасөз және баспа ісі кафедрасының меңгерушісі, доцент Гүлмира Шайтмағанбетқызына жүгілдіді.



жазуды, ойды жүйелі жеткізуді үйрету керек. Ал тіл байлығын дамыту үшін көркем шығарманы оқытқан абзал. М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде әлі күнге әдебиетті оқытады. Еуропада академиялық жазылымды (эссе) үйретеді. Бізге университеттің бірқатарында осы пән енгізілген. Мәнінше нәтиже бар деп ойлаймын, – дейді ол.

Ал білім беруде теория мен тәжірибені үйлестіру жетіспейді. Мұның себебін Гүлмира Әшірбекова:

– «Академиялық адалдық, студенттің таңдау еркіндігі бар. Дегенмен кейде кәсіби тәжірибе, кейде білім алушылардың немісқайылылығы нәтижеге кері әсерін тигізеді. Бұл мәселенің айналасын қара берек, біраз проблеманы көтеруге болады. Бір ғана оймен қорытқан келеді. Журналист мамандарын дайындауда қазіргі таңда 30-ға жуық ЖОО-лар 40-тан астам білім беру бағдарламасын жүзеге асырып отыр. Бағдарламаның сапасы мен нәтижесіне қатысты құзырлы орындар жауап береді. Байқағаным, маман дайындаудағы кейбір кемшілік білім беру бағдарламасының сапасыз дайындалуынан деп ойлаймын.

Одан бөлек жақсы журналист болу адамның өзіне байланысты. Оның айтуынша, университет теориялық білім мен негізгі практикалық дағдыны қалыптастырады. Әрі қарай дамыту – шығармашылық ортаға байланысты. «Сондықтан редакциядағы әріптестер жас маманды ортаға тартып тәрбиелесе, аға буынның қамқорлығын көрген жас мықты маман болары сөзсіз», – дейді ол.

САЛАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ САПАСЫ ҚАНДАЙ?

Қызметін бір салаға арнап, сол туралы қалам тербеп жүрген сала журналистері бар. Дегенмен осы салалық журналистиканың деңгейі шетелге қарағанда әлсіздеу екені жасырын емес. Алайда белгілі бір салаға бейімделіп, сол тақырыпта мақала жазып жүргендер жоқ емес. Осы орайда, салалық журналистиканың бүгінгі жай-күйі

үшін журналистика еркіндік керек. БАҚ-тың еркіндігі болмаса, қоғамды өзгертпек тұлғи қара басын алып жүруі қиын болуы мүмкін екенін аға буын жазушы-журналистер жиі айтып келеді. Президенттің өзі де демократияны дамытуға баса мән беріп жатыр ғой. Қоғамның маңызды бөлігі ретінде бұқаралық ақпарат құралдарында демократия, еркіндік болса, қолына қалам ұстаған әрбір журналистің өзіндік ой-пікірі, сараптамалық сұрлеуі, қоғамдық көзқарасы, түптеп келгенде, салалық салмағы сезілер еді.



Бір салаға бейімделіп жазу дегеннен шығады, дамыған елдердің журналистикасына көз салсаңыз, тілшілердің бір салаға бар ғұмырын арнап, сол бағытта ұзақ жылдар қалам тербеп жүргенін байқауға болады. Ал біздің елде қалай? Бұдан бір жыл бұрын Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаванның қатысуымен өткен жиында ол қазір елде экономика, медицина, қаржы сынды күрделі тақырыптарда жазатын журналистер жетіспейді делі. Бұл, бір жағынан, ақиқат сөз болғанымен, соңғы отыз жыл ішінде елімізде салалық журналистика баяу болса да дамып келе жатқанын жоққа шығара алмаймыз. Әсіресе, өте күрделі сала саналатын экономиканың қыры мен сырын толық меңгермесе де, сол салада қалам тербеп жүрген шоғырдың қалыптасқанына тәнтімін. Кезінде журналист Гүлшат Нұрмолдақызының, Берік Тұрғынбекұлының экономикалық сараптама жасаған мақалаларына мән беріп қарайтын едім. Біздің өңірде ардагер журналист Жолдасбек Ақсақалұлының өзі неге тұрады? Әлі күнге экономика, қаржы тақырыбында тәуір дүниелер ұсынып келеді. Өз басым жерлесіміз, «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі, жас журналист Абай Аймағамбеттің осы саладағы зерттеу, сараптамалық жазбаларын жиі оқып, тіпті жеке әлеуметтік парақтамда бөлісіп тұрамын. Қалам тіркесі бөлек, тың тақырыптарды тауып алатыны сүйсінеті.

P.S. Кәсіби мерекеді мерекелік көңіл күй, құттықтау, мақтаудан бөлек, саланың кем-кетігін, жетістігіне шолу жасағанды жөн көрдік. Бұл ой түйіп, алға қарай қадам басуымыз үшін қажет.

Аслан НУРАЗҒАЛИ

Сырдың суы мені жұбатып тұрып, жылатады... Кейде табиғаттың тосын мінезіне таңғаламын. Сырдария 2008 жылы асау мінез танытып, арыстай азаматтарды мәңгіліктің кемесіне алып кетті. Содан бері «тағы да тосын мінез көрсетпесе екен, тасымасыншы, маған ел-жұртымның амандығы керек» деп тілеумен келемін.

Адамда нағыз дос санаулы-ақ болады. Соның ішінде көбіне қолыма қалам алып, дос туралы естелікті Сыр елінің сағынышына айналған Сахитжанға арнайды екенмін. Бұл жолы да солай... «Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күні» мерекесіне орай тағы да досым жайлы жазғанды жөн көрдім. Биыл бұл мерекенің Сахитжансыз тойланғанына 13 жыл толуда.

2008 жылдың 28 ақпаны... Бәріміздің есімізде. Қыстың үшінші айы, аязды ақпанның соңғы күні, сол бір тікұшақтың құлаған сәті. Расында да, бұл оқиға Сыр халқы үшін соққы, ауыр қайғы болды. Қызылорда облысының Жалағаш ауданында МИ-8 тікұшағы құлады. Ішінде сол кездегі облыс әкімі Мұхтар Құл-Мұхаммед, төтенше жағдайлар қызметкерлері мен журналистер бар болатын. Борттағы 15 адамның алтауы қаза тапты. Оның бірі біздің досымыз, талантты, жас журналист, облыс әкімінің баспасөз хатшысы Сахитжан Бермағанбетов еді.

СЫРДЫҢ САХИТЖАНЫ

СОҒҒЫ КЕЗДЕСУ

Ол кезде мен «Ақмешіт ақшамы» газетінде тілші болып жүрген кезім. Сол жылғы қыс аймақта ерекше болды. Суығымен емес, суыт хабарымен жылатты, жабырқатты.

Редакцияның тапсырмасымен төтенше жағдайларға байланысты облыс әкімдігінде болатын жиналысқа бардым. Әкімдікке барған сайын Сахитжанның кабинетіне соқпай қайтпайтынмын. Бұл жолы да солай болды. Бірақ досымды облыс әкімі шақыртып, орнында жоқ болып шықты. Күткен досым келмеген соң кетуді жөн көрдім. Ойымда ешнәрсе жоқ, баспалдақтан төмен түсіп бара жатқаным сол еді. Құлағым таныс дауыс естілді. Сөйтсем Сахитжан екен. Сол сәттегі бейнесі әлі есімде. Жүзі нұрланып, күлісірлеп келе жатса да аузы бұртып, сөйлеп келеді...

– Нұрлыбайқызы, тоқтасайшы. Күте тұрсаң болмай ма?

– Күттім ғой, бірақ бүгін газет шығатын күн.

– Газетті күте тұрады. Иә, жағдай қалай? Өзім шаршап жүрмін, ертең Арал жаққа тікұшақпен іс-сапар күтіп тұр.

– Жазатын тілші керек емес пе? Мені де ала кетші...

– Қой, тек жігіттер ғана барамыз. Сен қы баласын, мәлімет керек болса, өзім беремін, – деді досым.

Одан кейін әңгімеміз студенттік кезге ұласты. Арасында күліп алдық, жұмыс жайына қалды. Шаруасы шаш-етектен болса да біраз сөйлестік, асықпадық. Сөйтсем қоштасқысы келмеген екен ғой. Ал ертеңіне... Сахитжандар мінген тікұшақ жайында қаралы хабар естіді. Сенбедім, «мен онымен кеше ғана сөйлестім, ол тірі» деп... Бірақ сол соңғы кездесуіміз

болды. Кейіннен білдім, Алла екі досты осылайша қоштастырған екен.

ТҮС КӨРДІМ

Марқұм досым түсіме жиі кіреді. Кейде ойлаймын, біз өмірде жақсы сыйласқаннан болар деп. Тіпті дүниеге келген күнімізді бірге атап өтетінге. Өйткені екеуіміз көктемнің керемет айы мамырында өмірге келгенбіз.

Түн тыныштығы, бәрі тәтті ұйқыда, айнала жым-жырт... Кенет ұйқымаңн біреу оятқандай болды. Түс көріп ояндым. Досу ояна сала, ойға баттым. «Сахитжан досым түсіме неге кірді?» деп. Сөйтсем асыл да ардақты досымның ақпан айының соңғы күні қайтыс болған сәті еді. «Мені ұмытып кеттіңдер ме?» дегендей жарқын жүзімен, күлімдеген көзімен маған қарап тұр екен түсімде. «Жоқ, достым, өзіңді ұмытқан жоқпын. Досымды ұмытсам, өзімді ұмытқаным емес пе...» дедім іштей...



ТІЛШІ ТҮЙІНІ:

Қазақта «атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген сөз бар. Көрерменнің көзайымына айналған танымал журналист Сахитжан Бермағанбетов те халықтың ұлы болып қала береді.

Ақтоқын НҰРЛЫБАЙ

БАЙҚАУ

«ОСЫДАН ОТЫЗ ЖЫЛ БҰРЫН»

ЕСТЕЛІКТЕР БАЙҚАУЫ

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Ақмешіт апталығы» газеті редакциясы «Қызылорда қалалық мәслихаты» аппаратымен бірлесіп «Осыдан отыз жыл бұрын» тақырыбында естеліктер байқауын жариялайды.

Ел Тәуелсіздігіне 30 жыл. Осы бір ауыз сөзді естігенде сіздің есіңізге қандай естеліктер түседі? Әрине, тәуелсіз елдің 30 жылы тұтас мемлекеттің бір бөлшегі саналатын адамдар өмірімен сабақтас. Тәуелсіздік сізге қалай әсер етті, өміріңізге қандай өзгеріс әкелді? «Осыдан отыз жыл бұрын» естеліктер байқауының мақсаты да ел жетістігін қаралайтын тұрғындар өмірімен байланыстыру. Байқауға тәуелсіздік дегенде көз алдыңызға келетін естеліктермен бірге альбомыңыздан сол уақыттың куәсіндей болған фотоларды қоса жолданыңыз...

БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ
Тәуелсіздік жылдарында болған елеулі сәттерді ел есінде қайта жаңғырту. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының тұрғындарға әсері, ел болашағына деген сенімі мен үмітін, сол кездегі көңіл-күйді естеліктер және фотолармен қоса жариялау.

БАЙҚАУДЫҢ МІНДЕТІ
Көпшілік оқырманның шығармашылық ізденісін арттыру. Тәуелсіздіктің игіліктерін әрбір оқырманға сезіндіру.

БАЙҚАУ ШАРТЫ

«Осыдан отыз жыл бұрын» атты айдармен тәуелсіздік тұсындағы жеке өміріңізде, отбасыңызда болған қызықты оқиғаларды суретпен бірге «Ақмешіт апталығы» газеті редакциясына жолдау.

Материалдар осы жылдың 1-ші қарашына дейін қабылданады.

БАЙҚАУ ТАЛАПТАРЫ

Байқауға ұсынылған материалдар Microsoft Word түрінде жолдануы қажет. Естелік көлемі 14 шрифтпен, 1,0 интервалмен жазылуы тиіс. Жолданатын естелік көлемі 3 беттен (А4 форматты қағаз) аспау керек.

Бір тақырыпты бір ғана материал жібере алады.

Шығармалар қазақ тілінде қабылданады. Байқауға Қызылорда облысының кез келген оқырманы қатыса алады.



Байқауға қатысушылар толық аты-жөнін, телефон нөмірін, мекен жайын және өздері туралы қысқаша мәлімет қосып akmeshit.kz@mail.ru электронды поштасына жолдауларыңызды сұраймыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Байқау қорытындысы тәуелсіздік күні қарсаңында жарияланады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар мен бағалы сыйлықтар беріледі. Газет бетіне шыққан естеліктер топтастырылып, арнайы жинақ болып шығады.

Байланыс нөмірі: 40-11-10
Эл пошта: akmeshit.kz@mail.ru

ҚЫЛҚАЛАМНЫҢ ҰШЫНДА
ӨМІР БАР БЕЙНЕЛЕНГЕН

«Живописің тұлға бойы тұнып тұрған тарих, Живописің көзбен емес, көңілмен де танық. Живописің ол айқайлаған өлеңі емес ақынның, Сыры ішінде, тілі ішінде, өрнегі ғой ақылдың» – деп, Мұқағали Мақатаев жарлағандай, суретші көзбен көргенін оймен түйсіне отырып, қағаз бетінде түрлі бояулары мен бояғыш қаламын буынсыз билететін шебер иесі. Көркем табиғаттың көз тоймас бейнесін күлгінді – көкшіл бояуларымен бірге сөйлейтін, жүрекке жететін туынды жасаушы тұлға.

Шексіз сезім мен сырлы қаламның, ұшқыр қиял мен ширақ шебердің қолынан шыққан әрбір сурет өзіне еріксіз назар аудартып, әлдебір дүниені айтқысы кеп тұратындай. «Сөз түсініксіз болса, суретке мән беремін. Сурет түсініксіз болса, онда үнісіздікке риза боламын» – деген Ансел Адамстың сөзі де осы айтқанымызды айшықтай түсетіндей.

Түрлі-түсті бояудың көмегімен табиғатқа тіл бітіріп, суретті сөйлеткен дарынды қылқалам шеберлері қазақ даласында да кенде емес. Әбілхан Қастеев, Гүлфайруз Мәнсүрқызы, Айша Гарифқызы сынды он саусағынан өнер тамған суретші ағаларымыздың артынан еріп,



ізін жалғаушылардың бар екені көңілге қуаныш сыйлайды.

Солардың бір – Арайлым Алдабергін. Ол – сырға толы суреттерді салудың шебері. Ұшы-қыры жоқ ұлан-ғайыр даланың ашық аспаны мен қыранның ұшқаны қағаз бетіне қондыратын ол «Сурет салу – менің хоббиім. Ойымдағы көріністі бейнелесем, әлдебір тыныштықты сезінгендей күй кешемін», – дейді.

Мектеп қабырғасынан қанат қағып үлгермеген 17 жасар арудың қылқаламынан шыққан әрбір суреті күнделікті күйбен тіршіліктен де басқа әлем бар екенін еске салатындай.

Жан-жақтылығымен өзі қатарлы дос-құрбыларына үлгі боларлық оқу үздігі туралы сынып жетекшісі Шапағат Манабаева «Арайлым сабақта белсенділігін, өзінің алғашқылығы мен кез келген іске қабілеттілігін көрсете біледі. Оның бойында көшбасшылық қабілет болғандықтан үнемі топ бастап, іс-шаралардағы ұйымдастырушылық деңгейінің де жоғары екенін байқаймыз. Арайлым сикырлы бояумен сурет салғанда талабын көруге болады» – дейді.

Бүгінде Арайлым Абдусаттарқызының салған суреттері түрлі іс-шаралар мен сурет көрмелерінен көрсетіліп жүр. Қаламынан шыққан туындыларын сатып алу үшін де сұрайтындар бар екенін жасырмаған кейіпкер сурет салуды кәсіп деп қарамайтынын айтады. Бастапқыда қағаз бен плакатқа сурет салумен машықтанған Арайлым бүгінде арнайы сурет салуға арналған кенептерді пайдаланып жүр. Бас-аяғы 20-ға тарта картинасын кенепке салынғанын бөліскен суретші өз қаламынан шыққан суреттерден галерея жасағысы келетінін айтты.

Арайлымның сурет салуға деген қызығушылығы сымсыз байланыс құралына жіпсіз байланып отыратын талай жасқа үлгі боларлық іс. Кейіпкеріміз сурет салудан бөлек спортпен де айналысады. Сонымен қатар оқу саласының да үздігі.

Жәмилә ЕРМАХАН,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда
университетінің
III курс студенті

Ең, ең, ең...


ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ БИІК
САРҚЫРАМА

Әлемдегі ең биік сарқырама – биіктігі 1054 метр болатын Анхель сарқырамасы. Венесуэланың тропикалық ормандарындағы, Канайма ұлттық саябағында орналасқан он үздіксіз түсу биіктігі 807 метрді құрайды. Сарқырама атауы 1937 жылы үстінен ұшып өткен ұшқыш Эйнделл Джэймстің атымен аталған.

Су венесуэлалық ең биік тепуэй Ауянттепуи, яғни қазақ тілінде «шайтан тауынан» құлап ағады. Су өте үлкен биіктіктен құлайтыны сонша, жерге жеткенше су ұсақ бөлшектерге айналып тұман болады. Жерге түскен су Кереп өзеніне барып құйылады. Анхель сарқырамасы Венесуэланың жабайы аймағында орналасқандықтан оған тек әуемнен немесе өзенмен жетуге болады.

Ерекше орынға бару үшін түрлі тур жобалары ұйымдастырылған. Мысалы, сарқыраманы шолып шығу үшін ұшаққа билет алуға болады. Бірақ тұманның себебінен сарқыраманы көріңіз калу ықтималдығы жоғары. Желтоқсаннан наурызға дейінгі құрғақшылық кезінде сарқырамада су аздық болады. Соның нәтижесінде тұманға жолықпай, жоғарыдан аққан суды көруге мүмкіндік туады.

Аружан НОҒАЙ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университетінің III курс студенті

«МАҒАН БҮКІЛ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ
ӘНДЕТІП ТҮРҒАНДАЙ КӨРІНЕДІ...»

Орыс зерттеушісі Александр Затаевич бір кездері осылай айтты еді. Қандай көрегенділігінен берілген баға. Біздің тарихымызда есімің алтын әріппен жазып қалдырған хас таланттар қаншама.

Ежелден бері сылаңдап аққан Сырдария өңірі – небір саялақты тудырды, бесігіне бөлен тербетті, қыранша қияға ұшырған алтын ұя, қасиетті қоныс. Алаштың анасы атанған аймақта да ән ғұмыр эсте үзілген емес. Топырағын түрткіп қалсаң жыр болып төгілетін Тұранның төрі талай талантты түлеткен тұғыр. Ұлы Отан соғысы жылдарында жауынгерлерге отты әндерімен отанышылдық рух сыйлаған Роза Бағланованың өзі бір тау. Қазақтың «Ақбайның» атанған Мәдина Ералиева шырақтан шырайлы әндер талай шаңырақтың шаттығын тербеп, талай ғашықтың сезімін шалқытты. Қазір қалай? Бірғағы ығырыңды шығарып, мазмұны мазанды қашыратын әндер жетеді, бүгінде. Оған нақты себеп не немесе кім? «Әп-өдемі ән еді, пұшқай айттып қор қылдының» кері, бұл. Қазіргі кезде аузың ашқан эстрада жұлдызы атанып жүргені дүйім жұртқа аян. Бес саусақ бірдей емес, әрине. Ән айтса, жаның жеп айтатындары да бар. Осындайда жырау Алмас Алматы ағамыздың «Жұлдыздардың көптігінен, ай мен күнді іздеуге ерінеміз» дейтін еріксіз еске түседі. Осы заманда тойшыл ән көп пе, ойшыл ән көп пе, қайсысы құнды? Оны оқырманның өз еншісіне қалдырдык.

НОТОҒА ТҮСЕТІН ӘН БӨЛЕК,
ФОТОҒА ТҮСЕТІН ӘН БӨЛЕК

– Әр дәуірдің өз әншісі, әр бұтаның өз бұлбұлы болады. Ән мен әншінің жақсы, жаманын уақыт көші өзі екшеп алады. Нотоға түсетін ән бөлек, фотоға түсетін ән бөлек. Халықтан асқан сыншы жоқ. Біздің кезімізде Шәмші Қалдаяқовтың «Ақмаңдайлым», Санімкүл Желдербаеваның «Қазақтың келіндері-ай» және «Қызылорда вальсі», «Жез киік», «Ақ бұлақ», «Саржайлау», «Ауылым» әндерін үзбей тыңдайтынбыз. Өн бойыңды шымырлататын шынайы әндер бар, шырыңды бузатын әндер бар. Қазір сөзге сапа, әнде әр жоқ. Мұны мұқым ел біледі. Менің ұстаз ретінде ұққаным, ақын ретінде айтарым осы, – деді батыр ана Айдаркүл Қосназарова өз сөзінде.

Иә, «ән – көңілдің ажары, ән – өмірдің базары». Көшеде жүресек те, көлікке мінсек те ән тыңдап, көңіл-күйіңді көтереміз. «Ән әншінің тапқан екен» деген сөз бар ел аузында. Айттыңан әннің алдындағы адамға әсер етіп жатса, сенің жетістігің. Өйткені жүректен шыққан сөз қандаша жүрекке жетеді.

«Құлақтан кіріп, бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй,
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй», – деп ұлы Абайдың айтқан сөзінің астарында аласармас ақиқат жатыр. Ән жайлы әңгімемізді осы жерден түйіндедік. Өзінше ой тую оқырманның өз еншісінде.

Кәмилә ДӘРІҚҰЛОВА
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің
III курс студенті

ӘБИГЕР

ӘЛЕМ

THE WALL STREET JOURNAL.

ЖАҢА ЖОЛ

Атом энергиясы жөніндегі мемлекеттік корпорация басқаратын атом мұзжарғышы қалыңдығы 10 футтық (3,04 метр -ауд.) мұзды жаруға қауқарлы. «Росатом» қызметкерлерді орналастыру, порт инфрақұрылымын жақсарту және кемелерге навигациялық және медициналық көмек көрсету жұмыстарын жүйелеуде. Жалпы Ресей теңіз жолындағы тиеу және жанармай құю қызметін қамтамасыз ету үшін кеңес дәуіріндегі ескі порттар желісін жанарту жолынан өту керек. Бұған дейін дамыту министрі Алексей Чекунов британдық «KAZ Minerals» тау-кен компаниясы жақында сатып алынған активтен алтын мен мыс экспорттау үшін маршруттың шығыс шетінде порт салуға келіскенін айтқан болатын. Ал Қытай Арктика мен Қыыр Шығыстағы теңіз жолының жұмысын бақылайтынын айтты. Бірақ әзірге ешқандай нақты шешімді мәлімдемеді.



Негізінен Арктика қайраңының байлығы мен Солтүстік теңіз жолының маңыздылығы туралы көп айтудың қажеті жоқ. Еуропадан Азияға дейінгі жолды үш есеге азайту да маңызды айқындап тұр. Оның үстіне арктикалық қайраңда әлемдегі мұнай қорының шамамен 15 проценті, табиғи газдың 30 проценті бар. Бұл әлем елдерін, әсіресе АҚШ-тың қызығушылығын тудырып, аймақтың мұнай-газ және басқа да табиғи ресурстарын игеруге деген ұмтылысын арттырады.

Жерасты байлықтың құнын қай ел білмесін, Ресей де соңғы он жылда аймақта өзге елдердің ықпалын азайтуға барынша күш салып келеді. Тіпті солтүстіктегі шалғай жердің барлығын игеру үшін Ресейдің Шығыс даму министрлігі арнайы «Қыыр Шығыс гектары» жобасын жасауды қолға алған. Жоба жүзеге асса, жерді тегін бөлудің жеделдетілген режимі жарияланады. Оған сәйкес, Қыыр Шығыстағы 42 процент халық тұрғын үй салып, жер учаскелерінің 36 проценті ауыл шаруашылығына берілетін болады. Онда шаруа қожалығының жобалары, туристік базалар, экологиялық парктар, ірімшік зауыттары, бұғы фермалары және техникалық қызмет көрсету станциялары бой көтермек.

«Жалпы Солтүстік Мұзды мұхиттағы жаңа жолға ықпал етуді көздеген негізгі үш мемлекеттің ішінде Ресейдің өзгерісі нақты шешім қабылдауға келгенде бәсеңсіп отыр. Саясаттанушылар елдердің мұндай ен-жарлық тануынан халықаралық қатынас пен экология мәселесіне сүйеніп, әлемдік беделдің әлсіремеуі үшін уақытын күтіп отырған болуы мүмкін деген болжам айтады. Бірақ бұл державалар «солтүстікті игеруден» бас тартты деген сөз емес. Мысалы, Қытайдың жүк тасымалдаумен айналысатын «COSCO» компаниясы жаңа жол арқылы жыл сайын тоғыз сынақ кемесін жіберуді жоспарлаған. «Росатом»-ның жоспарлы даму директоры Палина Лион «COSCO» компаниясымен келісім жасалып жатқанын жеткізді. Негізі Қытай жаңа жолды қосымша мүмкіндік есебінде қарастыратынын жасырмады. Алайда Қытай билігі бұл маршрутты АҚШ-пен ара-қатынас салдарынан Оңтүстік Қытай теңізіндегі жол жабылған жағдайда және навигациялық жүйе жетілдірілгенде ғана толық қолданамыз деді».

Не де болса, бір нақтылық бар. Ол – Ресейдің Солтүстік Мұзды мұхитты зерттеу тұрғысындағы өзек жетістігі. Нақтысы, ғасырлар бойғы тәжірибесі. Арктикаға құмарлық – жаңа пайда болған пиял емес, ескінің жұрнағы. Яғни Ресей Солтүстік мұзды мұхитты зерттеуді АҚШ-тан бұрын бастады. Оған географиялық жағдай, тарихи оқиғалар, ғылыми-практикалық зерттеулер секілді артықшылық мүмкіндік берген еді. Солтүстік өңірде қатаң климаттық ауа райына бейімделген халық құрлықта да, мұхит бөлігінде де зерттеуді ғасырлар бойы тоқтатқан емес. Тіпті өткен ғасырдың 30-жылдарында Сталин Мурманскіге барып, Арктиканың солтүстік-батыс секторының дамуы негізін айқындап берген-тұғын. Сонда Сталин Кола шығанағын аралап, онда ауқымды балық аулау, сауда порты мен қуатты әскери-теңіз флот құруға болатынын түсінгеннен кейін өңірге қатысты ел арасына тараған атақты ойын айтқан болатын. Ол: «Қара теңіз деген не? Ары кетсе, астау ғана. Балтық деген не? Бөтелке. Тығыны бізде емес. Ал мұнда – теңіз. Мұнда – терезе. Ұлкен флот болу керек. Осы жерде біз Англия мен Американы қажет болса, тірлей аламыз» деген болатын. Міне, Ресейдің солтүстікте бет қаратпай тірлік жасауының сыры да миссияны аяқтау екені түсінікті.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Ерсін ШАМШАДИН

Басы 1-бетте

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелгендігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан БӨЙМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптаасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтініді, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4843 Тапсырыс №919
Нөмірдің кезекші редакторы Ақмарал ОЛЖАБАЕВА